



ХҒТАР 11.25.19

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-152-3-216-229>

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстан мен Қырғызстанның мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығы: алғышарттар және құқықтық негіз

А.И. Урюстюмова 

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Өскемен, Қазақстан

(E-mail: aizat_ue@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан кейін көршілес мемлекеттермен, ТМД елдерімен, Орта Азия кеңістігіндегі мемлекеттермен, түркі өркениеті елдерімен және әлемнің бірқатар елдерімен мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты жүзеге асырудың маңыздылығы түсіндіріліп, бұл саладағы байланыстардың халықаралық қатынастарды жүргізудің тиімді және бейбіт тәсілі екендігіне назар аударылған. Тақырыптың негізгі бағыты болып отырған мәдени-гуманитарлық ынтымақтастыққа жан-жақты сипаттама беріліп, оның түрлері анықталған. Қазақстан үшін мәдени байланыстардың көш басында тұрған бауырлас халық, жақын көршілес орналасқан Қырғыз елімен тәуелсіздіктен бастап бүгінге дейінгі мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығы тарихына жүйелі түрде әр жылына тоқтала келе жан-жақты баяндалған. Тілі, діні, салт-дәстүрі, тарихы және шаруашылығы ұқсас қазақ-қырғыз мәдени-гуманитарлық байланыстарының XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың бірінші ширегіндегі дамып, нығая түскендігі көрсетілген. Бауырлас екі ұлт арасындағы түркі өркениеті, Орта Азия кеңістігіндегі ортақ мәдени және рухани сабақтастықтары мен құндылықтары қарастырылған. Сонымен қатар мақалада екі елдің бұл саладағы қарым-қатынастары жаңа жолға түсіп, ынтымақтастықтың тың әдістері де қамтылған.

Мақалада Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасының отыз жылдан астам уақыт шеңберіндегі мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығының алғышарттары анық көрсетіліп, екі елдің ортақ мүдделері қарастырылған. Зерттеу барысында негізінен құқықтық бағыттағы яғни тараптар жағынан жасалған келісімдер мен заңдарға талдау жасалған. Сонымен қатар Қазақстан мен Қырғызстан сияқты көршілес, бауырлас халықтары үлгісінде халықаралық қатынастың мәдени-гумани-

Түсті: 20.12.2024; Мақұлданды: 25.09.2025; Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

тарлық ынтымақтастығын тиімді әрі бейбіт түрде жүргізудің формасы насихатталған.

Түйін сөздер: мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, қазақ-қырғыз байланыстары, түркі әлемі, Орта Азия елдері, «жұмсақ күш», дипломатиялық қатынас, мәдени интеграция, келісімшарт, достық туралы келісім, мәдени-ағартушылық ынтымақтастық.

Кіріспе

Қазақстанның тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі мемлекет саясатының басты бағыттарының бірі – бұрынғы кеңестік республикалармен, көршілес мемлекеттермен, Орта Азия кеңістігіндегі елдермен мәдени және гуманитарлық ынтымақтастығы интеграциялық үдерісті дамыту болды. Мәдени-гуманитарлық бағытты дамыту мемлекет саясатында басты орында болуы қалыпты және заңды үрдіс. Себебі мемлекеттер арасындағы мәдени және гуманитарлық ынтымақтастықтар ең алдымен әрбір мемлекеттің ішкі және сыртқы дамуына жағдай жасайтын, жан-жақты бірігіп әрекет етуінің, қарым-қатынастар жасауының негізгі принципі және тараптардың пайдалы ахуалды қалыптастырудың тәсілі, жолы болып табылады. Мемлекеттер арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстар өзге мемлекеттермен ынтымақтастық құрудың негізгі жолы, маңызды бағыты. Қай кезеңнің болмасын халықаралық қатынастарын алып қарастырсақ та, ол қатынастардың мәдени байланыстарсыз болуы мүмкін емес. Себебі мәдениет елдер арасындағы, халықаралық қатынастарды жүзеге асырудағы бөлінбес бөлшегі, қай сала бағытындағы байланыстардың көрсеткіші болып табылады. Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық байланыстар кез келген мемлекеттің ашықтығы мен коммуникативтілігіне, толеранттылығына жол ашады.

Қазіргі уақытта дүниежүзінің көптеген алдыңғы қатарлы елдері сыртқы қатынастарда мәдени-гуманитарлық байланыстарды жиі жүзеге асырады. Себебі мәдени байланыстар мемлекетаралық ынтымақтастықты нығайтып, соңғы уақыттардағы көрініс тауып отырған ұлттық және діни ерекшеліктері бойынша әлемдік шиеленістерге қарсы күресуге жағдай жасайды. Бұл дегеніміз мәдени-гуманитарлық өзара байланыстар кез келген уақытта болмасын халықаралық қарым-қатынастың маңызды факторы, бөлінбес бөлшегі болып қалады. Мәдени-гуманитарлық байланыстар өркениеттерді жақындастырып, ортақ құндылықтарды қалыптастырады. Соның нәтижесінде халықтар мен ұлттар арасындағы өзара түсіністік, бейбітшілікті сақтау, әртүрлі қақтығыстардың алдын алу және адам құқығын қорғауға себеп болады [1].

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық – мемлекеттер арасындағы мәдениет, білім, ғылым, денсаулық сақтау, техника, спорт, ақпарат, туризм, жастармен жұмыс, адами капитал, азаматтардың қарым-қатынасы саласындағы ынтымақтастық пен алмасуды білдіреді, қарым-қатынаста достық пен бейбітшілік негізін құра отырып, аталған салаларды өзара тиімді дамыту [2]. Елдер арасындағы қатынастардағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саяси және экономикалық қатынастармен қатар сыртқы саясаттың үшінші өлшемі ретінде әрекет етеді және мәдениет, білім, спорт, туризм және т. б. сияқты халықаралық қатынастардың маңызды салаларын қамтиды.

Қазіргі гуманитарлық ғылымдарда «мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық» терминінің нақты және жалпыланған анықтамасы әлі қалыптасқан жоқ. Көбінесе зерттеушілер мәдени және гуманитарлық ынтымақтастықты жеке қарастырады немесе мәдениет гуманитарлық ынтымақтастықты қамтиды. Соңғы зерттеулерде гуманитарлық ынтымақтастықты кең және тар мағынада анықтайды. Кең мағынада бұл «мәдени және білім беру ынтымақтастығы, адам құқықтарын сақтау, гуманитарлық көмек көрсету саласындағы өзара іс-қимыл және мемлекетаралық қатынастардың басқа да әлеуметтік бағыттағы салалары». Гуманитарлық саладағы ынтымақтастық әрқашан ашық болып, ол кең форматта жүзеге асырылатынын және мәдениет, білім, ғылым, спорт және туризм мәселелерін қамтиды. Ал тар мағынада гуманитарлық байланыстарға гуманитарлық көмек, гуманитарлық операциялар, гуманитарлық дағдарыс, қарулы қақтығыс және т. б. жағдайлардағы тәсілдер сияқты құралдарды қарастырған жөн [3].

Сондай-ақ ТМД кеңістігінде және алыс шет елдерде гуманитарлық ынтымақтастықты түсінуде айырмашылық бар. Батыс зерттеушілері гуманитарлық ынтымақтастықты негізінен адам құқықтарын қорғау және гуманитарлық көмек деп санайды, ал мәдениет, ғылым, білім, спорт, туризм саласындағы байланыстар сыртқы мәдени саясатқа кіреді немесе жеке реттеледі [4]. ТМД-ның 2005 жылғы гуманитарлық ынтымақтастық туралы келісімінде гуманитарлық ынтымақтастықтың келесі бағыттары ерекшеленеді: мәдениет, білім, ғылым, мұрағат, ақпарат және бұқаралық коммуникация, спорт, туризм және жастармен жұмыс енеді [5]. Гуманитарлық ынтымақтастық туралы кеңірек түсінік Еуропадағы ынтымақтастық және қауіпсіздік жөніндегі кеңестің (1975 ж.) қорытынды актісінде берілген, онда гуманитарлық ынтымақтастық саласына өзара сапарларды оңайлату, туризм үшін жағдайларды жақсарту, жастар арасындағы байланыстарды кеңейту, спорт, ақпарат саласындағы ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ осы саладағы ынтымақтастық пен алмасулар сияқты шаралар енгізіледі. Халықаралық мәдени ынтымақтастық принциптері декларациясында «мәдени ынтымақтастық халықтар арасында халықаралық қатынастарда туындауы мүмкін шиеленістерден зардап шекпейтін берік және тұрақты байланыстар орнатуға ықпал етуі керек» делінген [6].

Біздің түсінігіміздегі мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық – бұл мәдениет, білім, ғылым, денсаулық сақтау, техника, спорт, ақпарат, туризм, жастармен жұмыс, адами капитал, азаматтардың қарым-қатынасы саласындағы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық және алмасу. Белгіленген салаларды өзара тиімді дамыту, қарым-қатынастардағы дұшпандыққа тосқауыл қою, достық пен бейбітшілік ортасын құру. Осыған байланысты «мәдени-гуманитарлық саясат» халықаралық қатынастарда «жұмсақ күш» деп аталып, сол ұғымда қолданылып жүр. «Жұмсақ күш» ұғымын ХІХ ғасырда америкалық саясаттанушы Джозеф Най теориясында айтылады [3]. Осылайша мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық халықаралық қатынастардың, өркениеттердің кез келген бағытындағы мәселелерді шешудің ең тиімді, маңызды бағыты ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттермен мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың маңызын түсініп, сол бағыттағы стратегиялық жұмыстарды тиімді жүргізіп отырған елдердің бірі. Әсіресе еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін көршілес мемлекеттермен,

ТМД елдерімен, Орта Азия кеңістігіндегі мемлекеттермен, түркі өркениеті елдерімен және әлемнің бірқатар елдерімен мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты жүзеге асырып отыр. Қазақстан үшін бұл елдермен мәдени байланыстардың әрқайсысының орны бөлек. Мысалы 1992 жылы түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі ретінде пайда болып, 2009 жылы Түркі кеңесі болып өзгертіліп, кейін 2021 жылы «Түркі мемлекеттерінің ұйымы» деп аталған ұйым Қазақстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Түркия, Өзбекстан мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықты жан-жақты нығайтып, түркі әлемінің интеграциясына жағдай жасады. Ал түркі тілдес халықтардың баяғы заманнан бастап мекендеп, қалыптасқан аумағы Орта Азия мемлекеттерінің мәдени-гуманитарлық байланыстары ерекше. Орта Азия елдері: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Моңғолия, Қытай, Ауғанстан, Пәкістан, Үндістан мемлекеттері арасындағы мәдени ынтымақтастықтар бүгінгі таңда айтарлықтай дәрежеге жетіп отыр. Осы Орта Азия мемлекеттерінің бірқатары енетін ТМД елдерінің осы бағыттағы қарым-қатынастарын айта кету керек. Осы ынтымақтастық жолында Қазақстанның түркі әлемі болсын, Орта Азия немесе ТМД елдері болсын, қай жағынан алып қарасақ та, мәдени байланыстардың ең көш басында бауырлас халық, ілгерісі болып тұратын, жақын көршілес орналасқан Қырғыз елі. Қазақстан мен Қырғызстанның тәуелсіздіктен кейінгі ынтымақтастығын айтпас бұрын бұл бауырлас екі халықтың қарым-қатынасының тарихы тереңде екендігі, XVI-XVII ғасырлардан басталатындығы белгілі. Тілі, діні, салт-дәстүрі және шаруашылығы ұқсас қазақ-қырғыз қарым-қатынастары ортақ тарихи оқиғалар барысында күш біріктіріп, ортақ тарихи кезеңдерді өткеріп, әртүрлі бағыттағы байланыстар орнатқаны белгілі. Екі халық тәуелсіздіктерін алған уақыттан кейін бұл саладағы қарым-қатынастары жаңа жолға түсіп, ынтымақтастықтың келесі сатысына аяқ басты. Сондықтан қазақ халқы мен қырғыз халқының арасындағы XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың бірінші ширегіндегі мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын зерттеудің маңызы зор.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Мәселені қарастырудың мақсаты Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасының отыз жылдан астам уақыт шеңберіндегі мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығының тарихын жүйелі түрде зерттеп, әр жылдардағы осы саладағы орын алған оқиғаларға тоқталу арқылы екі ел ынтымақтастығының дамып, жаңа деңгейге өткендігін анықтау. Сонымен қатар Қазақстан мен Қырғызстан сияқты көршілес, бауырлас халықтары үлгісінде халықаралық қатынастың мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын тиімді, әрі бейбіт түрде жүргізудің формасын насихаттау.

Тақырыпты зерттеу барысында жүйелеу, баяндау, салыстыру және талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы қарым-қатынастар XX ғасырдың аяғында, яғни тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа сатыға көтерілді. Әсіресе екі елдің мәдени ынтымақтастығы ұлғая түсті. Оған себеп екі елдің тарихының терең байланысы,

мәдениеті мен салт-дәстүрінің, тілдерінің ұқсастығы, географиялық орналасуы жағынан көршілес болуы. 1991 жылдан кейінгі кезең екі мемлекет үшін де өте маңызды және жемісті болды деп санауға болады. Тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүрген уақытта екі ел арасында әртүрлі деңгейдегі кездесулер, мемлекеттік маңызы бар оқиғалар, қол қойылған келісімдер, сауда-экономикалық, саяси, мәдени-гуманитарлық және басқа да ынтымақтастық бағыттарындағы іс-шаралар жүзеге асырылды. Енді осы қарым-қатынастардың ішіндегі халықаралық байланыстарды гуманистік тұрғыдан жүзеге асыратын жолы болып табылатын мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық тұстарына тоқталып өтуге болады. 1991 жылы одақтас мемлекет шеңберінде Алматы қаласында он жыл мерзімге Қазақстан мен Қырғызстан Республикалары арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы келісімшарт жасасты. Бұл келісім ең алдымен көршілес мемлекеттер ретінде қатынастарды көздегенімен, мәдени ынтымақтастықты дамытуға жол ашып берді. Мәселен шартқа сәйкес егемен мемлекеттердің ғылымды, білім беруді дамыту саласындағы жан-жақты мәселелері қарастырылды. Кейін екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылғы 15 қазанда орнатылды [7]. Осы жылдан бері Қазақстан мен Қырғызстан арасында екіжақты ынтымақтастық барысында 180-нен астам келісімшартқа қол қойылды [9]. Осы негізде тәуелсіз мемлекеттер ретінде тарихи қалыптасқан байланыстарды жалғастыра отырып, қырғыз-қазақ мәдени ынтымақтастығын тереңдетуде жаңа серпінге ие болды. Қырғызстан Қазақстанның халықаралық аренада ядролық қарудан ада аймақты құру бастамасын басынан бастап қолдаған елдердің бірі болды. Екі мемлекет Орта Азияғы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға, халықаралық ланкестік пен террористік жағдайларды болдырмау мақсатындағы біріккен іс-шараларға белсенді араласып кетті. 1993 жылы екі елдің Астана және Бішкек қалаларында елшілігі ашылды.

Қазақ-қырғыз мәдени-гуманитарлық қатынастары 1993 жылы 8 шілдеде қабылданған достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы Шарт негізінде одан әрі дамыды. Бұл шарттың басымдылығы тараптар екі ел халықтарының ғасырлық бауырластығы мен мәдениетінің, салт-дәстүрлерінің ұқсастығына сүйене отырып, ынтымақтастықты тең құқықтық негізде тиімді жүргізу болды. Шарттың халықаралық басты мақсаты Еуразия континентінде және дүниежүзі көлемінде тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту жолында өзара әрекет болып табылғанымен, бұл келісімнің мәдени-гуманитарлық аспектілері көп болды. Мәселен, екі ел әскери күштерді қалпына келтіру, дамыту бойынша бірлескен технологиялар мен ғылыми-зерттеу жұмыстары, тәжірибе алмасу бойынша, сондай-ақ ғылыми өнеркәсіпті дамыту саласында келісімдер жасады. Яғни екі жаққа да пайдалы ғылыми-техникалық ынтымақтастықты кеңейтуге, дамытуға мүмкіндік жасады. Энергетика, коммуникация салаларындағы байланыстар жолға қойылды. Сонымен қатар екі жақ өзінің аумағында тұратын өзге тараптың азаматтарына олардың ұлтына, жынысына, дініне, тіліне және т.б. айырмашылықтарына қарамастан, халықаралық нормаларға сәйкес ортақ танылған азаматтық, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар мен бостандықтарға кепілдік берілді. Келісімнің тағы бір маңызды бөлігі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге баса назар аударылды. Ең алдымен өз аумақтарына қатысты Арал теңізі аймағындағы экологиялық апаттардың

салдарын жоюға бағытталған көмек жұмыстарын жүргізу келісілді. Сонымен қатар табиғи апаттардан, техногендік нәтижелерден туындаған төтенше жағдайлар кезінде өзара көмек көрсету бойынша келісім жүзеге асты (Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы арасындағы достық, серіктестік және өзара көмек жөніндегі келісім, Алматы 8 маусым 1993 жыл). Екі ел арасында мәдениет, туризм, өнер және спорт саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша жеке келісім жасауға міндеттелді [10].

Қазақстан мен Қырғызстанның мәдени байланысын арттыра түскен тағы бір нормативтік құқықтық акті 1997 жылғы 8 сәуірде Алматыда қол қойылған «Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шарт» болатын. Бұл келісімнің мақсаты ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи тамырлары мен мәдениеті, тіл және дәстүр ортақтастығы бар екі мемлекет халықтарының бауырластығы, достығы және өзара түсіністігі рухында жан-жақты ынтымақтастықты дамыту және шарт жасасушы мемлекеттер арасындағы бауырластық, достық және тату-тәтті көршілік қарым-қатынастарды нығайту және одан әрі дамыту. Осы мақсат келісімшарттың басында көрсетіліп, әрі қарай 25 баптан тұратын бөліктерде жеке-жеке нақтыланды. Құжаттың бірінші және екінші бабында ең алдымен Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы бауырлас және достас мемлекеттер бола отырып, өз қарым-қатынастарын өзара түсіністік, жан-жақты ынтымақтастық және өзара сенім негізінде құратынын және тараптар екі мемлекеттің де тәуелсіздігін, егемендігін құрметтеу, аумақтық тұтастығы мен шекараларының мызғымастығы, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпаушылық, тең құқықтылық және өзара тиімділік принциптері негізінде қарым-қатынастарын белсенді түрде дамыту екендігін нақтылап, әрі қарайғы ынтымақтастықтың барлық түрлері осы негізде жүргізілетіндігіне баса назар аударды. Сондай-ақ осы шартта Қазақстан мен Қырғызстанның мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтарын жүзеге асырудың баптары да қамтылды.

Мәселен 8-бабында екі ел ауқымды негізде және ұзақ мерзімдік перспективаларды ескере отырып және барынша қолайлы жағдайларда екіжақты ғылым, мәдениет, білім, технология және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы байланыстарды дамытуға көмектеседі делінген. 9-бапта ғылым және техника салаларындағы ақпарат және тәжірибе алмасуларды ұйымдастыратын байланыстарды қолдайтыны нақтыланған. Келесі 12-бапта екі елдің мәдениет және білім мекемелері арасындағы байланыстарды, мамандармен алмасуларды көтермелейтін және әрқайсысы өз азаматтарына екінші тараптың тілін, мәдениетін, өнер, әдебиет шығармаларын және баспасөзін оқып-үйренуге кең мүмкіндікті қамтамасыз ететіні көрсетілген. 13-бапта екі ел денсаулық қорғау ісінде, медицина ғылымы мен тәжірибесін дамытуда, оның материалды-техникалық базасын нығайтуда ынтымақтастықта болатыны және азаматтарының емдеу, кеңестік көмек алуы үшін барлық мүмкіндік, құқығы сақталғаны белгіленген [11].

Екі мемлекет арасындағы байланыс келісімшарт жүзінде нақтыланғаннан кейін 1998 жылдан бастап Қазақстан бауырлас Қырғызстанға үнемі гуманитарлық көмек көрсете бастады. Осы жылдардан бері Қырғызстанға ТЖ кезінде азық-түлік, өнеркәсіптік тауарлар, материалдық заттар, көмір, дизель отыны түріндегі көмектер берілді [12].

1998 жылғы 24 шілдедегі № 689 «Қырғыз Республикасына ізгілік көмегін көрсету туралы ҚР Үкіметінің Қаулысы» бойынша Қазақстан Республикасы ТЖ жөніндегі комитетінің шешімімен табиғи зілзаланың нәтижесінде зардап шеккен қырғыз халқына үй, ұн түрінде және 6 млн. 580 мың теңге қаржылай көмек көрсетілді.

1997-1998 жылдардан бастап Қазақстан халықтың мәдени және рухани өміріне баса назар аудара бастауының себебі белгілі. Тәуелсіздік алғаннан кейін экономикалық қиындыққа толы кезеңді еңсергеннен кейін қарқынды жүзеге асырды. Мәселен, Қазақстанда 1997 жыл – «Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» жылы, 1998 жыл – «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», ал 1999 жыл – «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» деп белгіленді. Яғни бұл атаулы жылдардың барлығы елдің тікелей мәдени, рухани және гуманитарлық өмірімен тығыз байланысты болатын. Осы бағыттағы жұмыстар тек еліміздің ішінде ғана емес әртүрлі мәдени іс-шаралар шет мемлекеттермен де осы бағыттағы байланыстарды жүзеге асырды. Атап айтқанда 1997 жылы Қазақстанға Қырғызстан Республикасының сол кездегі басшысы А.Ақаев сапармен келді. Сапар барысында мемлекетаралық дипломатиялық ынтымақтастықпен қатар екі елдің мәдени байланыстарын нығайту туралы мәселелер талқыланды. Және болашақта қазақ-қырғыз, түркі әлемі мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайту барысында біріккен іс-шараларды жүзеге асыруға жоспарлар, тапсырмалар берілді. Сол жылы 12 қараша күні Қазақстанның оңтүстігі, Қызылорда қаласында «Қорқыт ата және түркі әлемі» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы өтті. Оған дүниежүзінің әр түкпірінен ғалымдар, мәдениет қайраткерлері қатысып, әсіресе қырғыз елімен бірлескен тығыз жұмыстар атқарылды. Қазақ халқы мен қырғыз халқының ортақ тарихи тұлғасы болып табылатын Қорқыт ата есімі берілген «Қорқыт ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университетінің» 60 жылдық мерейтойына байланысты және «Ыстықкөл – 97» фестиваліне екі елдің өнерпаздары, мәдениет саласының қызметкерлерінің бірлескен шаралары өткізілді.

Қазақстан Республикасында 2000 жыл Тұңғыш Президенттің ұсынысымен «Мәдениетті қолдау жылы» болып белгіленді. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығындағы экономикалық қиындықтарды артқа қалдырып, қазақ халқы мәдени-рухани салаға назар аудара бастады. Атаулы жыл жаңа тәуелсіздігін алып, аяққа тұрған елдің мәдени өмірін жаңа сатыға көтеруге, сол арқылы отандық мәдениеттің тың тынысын ашуға септігін тигізгені белгілі. Рухани өмірдегі өткен уақыттардағы әртүрлі себептерден орын алған олқылықтарды жою жұмыстары жүргізіліп, елдегі мәдени мекемелер: мұражайлар, кітапханалар, мәдениет сарайлары мен театрларды қалпына келтіру жұмыстарын және жаңадан аша бастады. Өнер саласында әртүрлі шығармашылық фестивальдер, концерттер ұйымдастырылды. Тарих, әдебиет саласында кітаптар мен ескерткіштердің тұсаукесерлері болды. Ортақ түркі жұртының бесігіне айналған сан ғасырлық тарихы бар Түркістан қаласының 1500 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде тойланды. Бұл шаралар ауқымы тек Қазақстан көлемінде ғана емес, құрлықтық, көрші мемлекеттермен мәдени-ағартушылық алмасуға алып келді. Мәселен, Қырғызстан және т.б. мемлекеттердің студенттері оқитын Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде осы елдердің азаматтарының бірлескен мәдени шаралары ұйымдастырылды.

Бұдан кейінгі жылдарда Қазақстан мен Қырғызстанның осы саладағы ынтымақтастығы одан әрі жалғасын тапты. Айтулы оқиғалар 2001 жылғы Қазақстан Республикасының сол кездегі президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қырғыз Республикасына ресми сапары барысында жалғасты. Сапар нәтижесінде іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы қаулыға қол қойылып, қаулыдағы IV бөлім екі елдің мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығына арналды. Негізгілеріне тоқталсақ, Қырғызстанда Қазақстан Республикасының мәдениет күндерін өткізу, Бішкек қаласында қазақ мектебін ашу сияқты жоспарлар енді [13].

2007 жылы Алматыда Қазақстан мен Қырғызстан зиялы өкілдерінің бірінші форумы, ал 2008 жылы Бішкек қаласында екінші Форум өткізілді. Сол жылы Қырғызстан елшісі Ж. Рустенбеков пен Қырғызстан мен Қазақстанның халық жазушысы Ш. Айтматов Қазақстан президентінің қабылдауында болып, мәдениет пен білім беруді дамыту жөніндегі нақты шаралар туралы мәселелерді айтты. 2008 жыл Қырғызстанда Шыңғыс Айтматов жылы деп жарияланғанына байланысты соның аясында бірлескен мерейтойлық іс-шаралар өткізу жоспарланып, жүзеге асты. Осы жылдарға дейін Қазақстан мен Қырғызстан тәуелсіздіктен кейінгі жылдары М. Әуезовтің 100 жылдық, Құрманғазының 175 жылдық, Абайдың 150 жылдық, Жамбылдың 150 жылдық, «Манас» эпосының 1000 жылдық, А. Тоқомбаев пен Ш. Айтматовтың мерейтойларын бірлесіп тойлады. Осындай іс-шаралар алдағы жылдары да қарқынды жалғасын тапты.

2010 жылдардан кейін қазақ-қырғыз халықтарының мәдени күндері өткізілді. Мәселен 2012 жылдың қыркүйек айында Қырғызстанда Қазақстан мәдениеті айлығы болып белгіленіп, шара аясында Бішкек қаласында концерттер, қазақ театрлары мен шығармашылық ұжымдардың кештері, қазақ кино апталығы және суретшілердің көрмелері өткізілді. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстан Республикасындағы Қырғыз Республикасының елшілігі қырғыз этномәдени бірлестігімен бірлесіп, қырғыз-Қазақ арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнатылуының 20 жылдығына арналған «Қырғызстан және Қазақстан 20 жыл ішінде» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Ал 2013 жылы Астана, Алматы, Тараз және Шымкент қалаларында Қырғызстанның Қазақстандағы мәдениет күндері аталып өтті. Екі елдің мәдени қарым-қатынастары ТҮРКСОЙ халықаралық түркі мәдениеті ұйымы аясында да бірлігін тапты. Мәдени ұйым 2014 жылды Т. Сатылғановтың жылы деп жариялауына байланысты еліміздің бас қаласында Қырғыз елінің белгілі ақыны, жырау Т. Сатылғановтың 150 жылдық мерейтойлық кеші болды.

Келесі 2015 жылы Түркі әлемінің ортақ мақтанышы болып саналатын Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығына арналған іс-шаралар Қырғызстанда өткізілді. Қазақстандық делегация Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығына және Боронбай бидің 235 жылдығына арналған мерейтойлық салтанаттарға қатысты. Бұл іс-шара бауырлас қазақ-қырғыз халқының тарихы мен мәдениетін жақындастырып, Шоқан Уәлиханов сияқты тарихи тұлғаларды ұрпаққа дәріптейтін жоғары мәдени шара болып табылды. Ал 2016 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасында қырғыз әдебиеті орталығы ашылып, әдебиет майталмандарының бірлескен кештері өткізілді.

2017 жылы Астанада ШЫҰ мүше мемлекеттерінің Білім апталығы өтіп, іс-шараға Қырғызстан білім министрліктерінің өкілдері қатысты. Онда жоғары оқу

орындарындағы ынтымақтастық туралы мәселелер қарастырылды. Сонымен қатар осы жылы Қазақстанда өткен «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмеге Қырғызстанның ресми бейнеролигі көрсетілді. Композиция энергетика саласының монументалды ауқымын, сонымен бірге заманауи және көшпелі этникалық мотивтерді қамтыды.

Қазақстан және Қырғызстан президенттері Қ.Тоқаев пен С. Жээнбековтің жоспарлы кездесуі 2019 жылы Бішкекте жүзеге асты. Кездесу барысында екі елдің мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы қорытындылары мен болашаққа жоспарлар туралы айтылды. Тараптар студенттерін оқыту, оның ішінде Қырғызстандағы қазақ диаспоралары мен Қазақстандағы қырғыз диаспоралары үшін арнайы бағдарлама құру мүмкіндігін талқылады. Денсаулық сақтау және дәрі-дәрмек саласындағы ынтымақтастықты қолдаудың маңыздылығы атап өтілді. Қазақ-қырғыз мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимылы 2020 жылы да еш қиындықтарға қарамастан жоғары деңгейде болды. Сол жылдың әлемдік дертіне айналған ковид-19 пандемиясына қарамастан, екі елдің мәдени байланыстары жалғасты. Осы жылы қырғыздың әйгілі туындысы «Манас» эпосы қазақ тілінде жарық көрді. Бұл қазақ халқының бауырлас қырғыз халқының шығармашылығын дамытуға және насихаттауға қосқан үлкен үлесі болды. 2021 жылы екі ел арасындағы тарихи сабақтастықты насихаттау, достық қатынастарды одан әрі жақсарту мақсатына негізделген Қазақстан-Қырғыз бірлескен шығармашылық тобы түсірген белгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың өмірі мен шығармашылығы туралы деректі фильмнің тұсауы кесілді. Аталған жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай екі елдің арасында үлкен мәдени шаралар өтті. Қырғыз елінде Қазақстанның мәдениет күндері белгіленіп, кино, театр, мұражай, эстрада, сурет, спорт және т.б. салалардағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Бішкек қаласындағы «Манас» кионотеатрында Қазақстанның Қырғызстандағы мәдениет күндері аясында қазақ киносының күндері жоғары ілтипатқа ие болды. Отандық фильмдерден Р.Әбдірашевтің «Алмас қылыш», А.Сатаевтың «Томирис», «Жау жүрек мың бала», «Анаға апарар жол», «Қазақ хандығы. Алтын тақ» фильмдері, Т.Майдан, Т.Төлеуғазының «Мұзбалақ», А.Әбілдиновтің «Күлтегін» анимациялық фильмі көрсетілді. Сонымен қатар Б.Қалымбетовтың «Мұқағали» фильмінің көрсетілімі болды. Театр әртістерінің А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» опералық қойылымы, Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайының көрмесі өтті. Осы мәдени шара күндері Бішкек қаласында Қырғызстан мен Қазақстан басшыларының қатысуымен Абай Құнанбайұлы ескерткіші мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалын ашу туралы ұсыныстарды жүзеге асырып, 2022 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев Бішкекте Абай Құнанбаев ескерткішінің ашылу салтанатына қатысты. Сонымен қатар Ош мемлекеттік университетінің негізінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің филиалы ашылды. Оған дейін Нұр-сұлтан қаласындағы Ш.Айтматов пен Манас ескерткіштері ашылған болатын. Осындай атаулы мәдени-ағартушылық шаралар екі халықтың рухани өмірін сезініп, бір-бірін жақындастыруға ықпалын тигізді.

Астанада 2022 жылы Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы мәдениет күндері ұйымдастырылды. Шара барысында Астана қаласында өнер, мәдениет сабақтастығын дәріптейтін Қырғыз киносының күндері ашылды. Екі елдің зиялы

қауым өкілдерінің бірлескен дөңгелек үстел, еске алу кештері, мұражай көрмелері, театр қойылымдары, концерттер ұйымдастырылады. Соңғы жылдары Қазақстан мен Қырғызстан өзара тиімді жастар саясатын жүзеге асыруға баса назар аударуда. 2023 жылы Бішкекте қазақ-қырғыз жастар форумы өткізіліп, шара барысында екі елдің жас көшбасшыларының ынтымақтастық және жастар бастамаларын қалыптастырудың, дамытудың өзекті мәселелеріне тоқталды. Сондай-ақ 2024 жылы кино саласындағы байланыстар дәстүрлі түрде жалғасын тауып, қазақстандық А. Сатаевтың «Ұлы дала таңы», А. Сахаманның «Дос-Мұқасан» және қырғызстандық Р. Ақынның «Пейіш» фильмдері көрсетілді. Үстіміздегі жылда мемлекеттер ынтымақтастықтың осы бағытындағы біріккен жоспарларды қарастырып, сол бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Қорытынды

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың бірінші ширегіндегі, яғни екі мемлекеттің тәуелсіздік алған жылдарынан бастап бүгінге дейінгі Қазақстан мен Қырғызстанның мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығының тарихы тереңде және қарқынды даму үстінде болғандығын аңғаруға болады. Әр жылдардағы мәдени-гуманитарлық оқиғалар мен іс-шараларға жүйелі түрде тоқтала келе екі елдің бүгінге дейінгі бұл саладағы ынтымақтастығының маңызы зор. Себебі тәуелсіздік алғаннан кейін екі мемлекет өзара мәдени, тарихи, рухани және бауырлас көрші халық ретінде жақындығын түсініп, өзара дипломатиялық қарым-қатынастың тиімді, «жұмсақ күш» деген ұғымға ие мәдени-гуманитарлық байланыстар негізінде жүзеге асыра білді. Оған дәлел ретінде әр жылда қазақ-қырғыз мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық барысындағы қарым-қатынастарын оң тұрғыда және тиімді жүргізуге себеп болған маңызды келісімдерді, кездесулерді, іс-шараларды және т.б. айтуға болады. Мұндай байланыстар қазақ-қырғыз халықтары арасындағы достықты нығайтып, ынтымақтастықты одан әрі күшейткендігі сөзсіз. Бауырлас қазақ-қырғыз халықтарының тарихы мен әдебиеті, мәдениеті мен дәстүрлері, өнері мен рухани құндылықтары екі елдің өзара осындай байланыстары арқылы одан әрі жақындай түсті. Мәдениет, білім, ғылым, денсаулық сақтау, техника, спорт, ақпарат, туризм, жастармен жұмыс, адами капитал саласындағы байланыстар нәтижесінде тәжірибе алмасу және перспективалық жұмыстар атқарылды. Қазақ-қырғыз мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығы алдағы уақыттарда одан әрі жалғасын тауып, мемлекетаралық байланыстың маңызды және тиімді жолы болып қала беретініне сенімдіміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Дүкенбаева, З., Адилет, Қ. (2020) Мәдени байланыстар – халықаралық қатынастарды үйлестірудің тиімді құралы, Электронный научный журнал «edu.e-history.kz», 3(11).
2. Предметная направленность понятия «культурно-гуманитарное сотрудничество». Доступно по ссылке: <https://isap.center/article/749> (дата обращения: 30 января 2024 г.).
3. Лисаускайте, В.В. (2019) Гуманитарное сотрудничество в сфере защиты от бедствий и центр гуманитарного реагирования – «мягкая сила» в продвижении интересов России за рубежом, Право и политика, 8, стр. 101–118.

4. Табаринцева-Романова, К.М. (2021) Международное гуманитарное сотрудничество: зарубежные подходы к изучению и реализации. Доступно по ссылке: <https://doi.org/10.24412/2221-3279-2021-10038> (дата обращения: 04 декабря 2024 г.).
5. Соглашение о гуманитарном сотрудничестве государств – участников Содружества Независимых Государств. Доступно по ссылке: <https://cis.minsk.by/page/3994> (дата обращения: 26 сентября 2024 г.).
6. Декларация принципов международного культурного сотрудничества. От 4.11.1966 г. Генеральной конференцией ООН по вопросам образования, науки и культуры на ее XIV сессии Государств. Доступно по ссылке: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/culture.shtml (дата обращения: 26 сентября 2024 г.).
7. Курманов, З. (2012) Кыргызстан-Казахстан: будет ли союз? Это вопрос времени, «Общественный рейтинг», 582/2107, б. 2.
8. Жекенов, Д.К., Мухаметжан, А.Е. (2023) Ғылыми еңбектердегі Қазақстан мен Қырғызстан дипломатиялық қарым-қатынастарының зерттелу деңгейі, әл-Фраби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Халықаралық қатынастар мен халықаралық құқық сериясы, 1(101), бб. 42–52.
9. Тоғанбек, А. (2022) Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы тауар айналымы артып келеді, «Егемен Қазақстан» газеті, 928, б. 7.
10. Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы дипломатиялық қарым- қатынас. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://stud.kz/referat/show/130908?ysclid=lxmywabszr786845167> (қаралған күні: 20 желтоқсан 2024 ж.).
11. Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шартты бекіту туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 қарашадағы №287-І Заңы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000287> (қаралған күні: 20 желтоқсан 2024 ж.).
12. Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы қатынастар. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/547?lang=kk> (қаралған күні: 20 желтоқсан 2024 ж.).
13. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2001 жылғы 23-24 шілдеде Қырғыз Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 9 Қарашадағы №1427 Қаулысы. Сілтеме арқылы қол жетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010001427_ (қаралған күні: 20 желтоқсан 2024 ж.).

А.И. Урюстюмова

*Восточно-Казахстанский технический университет имени Д. Серикбаева,
Усть-Каменогорск, Казахстан*

Культурно-гуманитарное сотрудничество Казахстана и Кыргызстана в конце XX-первой четверти XXI века: предпосылки и правовая основа

Аннотация. Данная статья посвящена важности культурно-гуманитарного сотрудничества Республики Казахстан с соседними государствами, странами СНГ, государствами Центральной Азии, странами тюркской цивилизации и другими мировыми странами после получения

Казахстаном независимости. Особое внимание уделено тому, что такие контакты представляют собой эффективный и мирный способ развития международных отношений. В статье детально рассматриваются различные аспекты культурно-гуманитарного сотрудничества и определяются его формы. Также освещается история культурно-гуманитарного взаимодействия с братским народом – кыргызами, который занимает важное место в культурных связях Казахстана с момента обретения независимости до настоящего времени. Статья подчеркивает, что культурно-гуманитарные связи между Казахстаном и Кыргызстаном, основанные на схожести языка, религии, традиций, истории и экономики, активно развивались и укреплялись в конце XX века и в первой четверти XXI века. В статье детально рассматривается история культурно-гуманитарного сотрудничества между Республикой Казахстан и братским народом Кыргызстана, начиная с момента обретения независимости и до современности. Особое внимание уделяется казахстанско-кыргызским культурно-гуманитарным связям, которые основаны на сходстве языка, религии, традиций, истории и экономики. Анализ показывает, что эти связи развивались и укреплялись в конце XX века и первой четверти XXI века.

Статья рассматривает предпосылки культурно-гуманитарного сотрудничества между Республикой Казахстан и Кыргызской Республикой, охватывая период более тридцати лет. В ней анализируются общие интересы двух стран, основываясь на изучении соглашений и законов, которые в основном имеют правовую направленность. Статья демонстрирует, как эффективное и мирное ведение культурно-гуманитарного сотрудничества может способствовать развитию международных отношений, используя в качестве примера опыт соседних братских народов Казахстана и Кыргызстана.

Ключевые слова: культурно-гуманитарное сотрудничество, казахско-кыргызские отношения, тюркский мир, страны Центральной Азии, «мягкая сила», дипломатические отношения, культурная интеграция, контракт, соглашение о дружбе, культурно-просветительское сотрудничество.

A.I. Uryustymova

D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

Cultural and humanitarian cooperation between Kazakhstan and Kyrgyzstan in the late twentieth and first quarter of the 21st century: prerequisites and legal basis

Abstract. This article is devoted to the importance of cultural and humanitarian cooperation of the Republic of Kazakhstan with neighboring states, CIS countries, Central Asian states, countries of the Turkic civilization and other world countries after Kazakhstan gained independence. Special attention is paid to the fact that such contacts represent an effective and peaceful way of developing international relations. The article examines in detail various aspects of cultural and humanitarian cooperation and defines its forms. The article also highlights the history of cultural and humanitarian interaction with the fraternal Kyrgyz people, who occupy an important place in the cultural ties of Kazakhstan from the moment of independence to the present. The article emphasizes that cultural and humanitarian ties between Kazakhstan and Kyrgyzstan, based on the similarity of language, religion, traditions, history and

economy, actively developed and strengthened at the end of the XX century and in the first quarter of the XXI century. The article examines in detail the history of cultural and humanitarian cooperation between the Republic of Kazakhstan and the fraternal people of Kyrgyzstan, from the moment of independence to the present. Special attention is paid to Kazakh-Kyrgyz cultural and humanitarian ties, which are based on the similarity of language, religion, traditions, history and economy. The analysis shows that these ties developed and strengthened at the end of the twentieth century and the first quarter of the 21st century.

The article examines the prerequisites for cultural and humanitarian cooperation between the Republic of Kazakhstan and the Kyrgyz Republic, covering a period of more than thirty years. It analyzes the common interests of the two countries, based on the study of agreements and laws, which mainly have a legal focus. The article demonstrates how effective and peaceful conduct of cultural and humanitarian cooperation can contribute to the development of international relations, using as an example the experience of neighboring fraternal peoples of Kazakhstan and Kyrgyzstan.

Keywords: cultural and humanitarian cooperation, Kazakh-Kyrgyz relations, Turkic world, Central Asian countries, "soft power", diplomatic relations, cultural integration, contract, friendship agreement, cultural and educational cooperation.

References

1. Dukenbayeva Z., Adilet, K. (2024) Madeni bailanystar – halykaralyk katynastardy uilestirudin tiimdi kыraly, Elektronnyi nauchnyi zhurnal «edu.e-history.kz», 3 (11). [in Kazakh]
2. Predmetnaya napravlennost' ponyatiya «kul'turno-gumanitarnoe sotrudnichestvo». Dostupno po ssylke: <https://isap.center/article/749> (data obrashheniya: 30 yanvarya 2024 g.). [in Russian]
3. Lissauskaite, V.V. (2019) Gumanitarnoe sotrudnichestvo v oblasti zashchity ot stihiiynyh bedstvii i centr humanitarnogo reagirovaniya – «myagkaya sila» v prodvizhenii interesov Rossii za rubezhom, Pravo i politika, 8, str. 101–118. [in Russian]
4. Tabarincheva-Romanova, K.M. (2021) Mezhdunarodnoe humanitarnoe sotrudnichestvo: zarubezhnye podhody k izucheniyu i realizacii. Dostupno po ssylke: <https://doi.org/10.24412/2221-3279-2021-10038> (data obrashheniya: 04 dekabrya 2024 g.). [in Russian]
5. Soglashenie o humanitarnom sotrudnichestve gosudarstv - uchastnikov Sodruzhestva Nezavisimykh Gosudarstv. Dostupno po ssylke: <https://cis.minsk.by/page/3994> (data obrashheniya: 26 sentyabrya 2024 g.). [in Russian]
6. Deklaraciya principov mezhdunarodnogo kul'turnogo sotrudnichestva. Ot 4.11.1966 g. General'noi konferencii OON po voprosam obrazovaniya, nauki i kul'tury na ee XIV sessii Gosudarstv. Dostupno po ssylke: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/cultural.shtml (data obrashheniya: 26 sentyabrya 2024 g.). [in Russian]
7. Kurmanov, Z. (2012) Kyrgyzstan-Kazakhstan: budet li soyuz? Eto vopros vremeni, «Obshchestvennyi reiting», 582/2107, s. 2. [in Russian]
8. Zhekenov, D.K., Mukhametzhana, A.E. (2023) Gylymi enbekterdegi Kazakstan men Kyrgyzstan diplomatiyalık karym-katynastarynyn zerttelu dengeii, al'-Farabi atyndagy Kazak ulttyk universitetinin khabarshysy. Halykaralyk katynastar zhane halykaralyk kuryk seriyasy, 1(101), bb. 42–52. [in Kazakh]
9. Toganbek, A. (2022) Kazakstan men Kyrgyzstan arasyndagy tauar ainalymy artyp keledi, Egemen Kazakstan, 928, b. 7. [in Kazakh]

10. Kazakhstan men Kyrgyzstan arasyndagy diplomatiyalık karym katynas. Silteme arkyly kol zhetimdi: [<https://stud.kz/referat/show/130908?ysclid==lxmywabszr786845167>] (karalğan kuni: 20 dekabrya 2024 g.). [in Kazakh]

11. Kazakhstan Respublikasy men Kyrgyz Respublikasy arasyndagy Mangilik dostyk turaly shartty bekıtu turaly Kazakhstan Respublikasynyn 1998 zhylgy 9 karashadagy №287-I Zany. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000287> (karalğan kuni: 20.12.2024). [in Kazakh]

12. Kazakhstan Respublikasy men Kyrgyz Respublikasy arasyndagy katynastar. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/547?lang=kk> - Internet-istochnik (karalğan kuni: 20 dekabrya 2024 g.). [in Kazakh]

13. Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyñ 2001 zhylgy 23-24 shildede Kyrgyz Respublikasyna resmi sapary barysynda kol zhetkizilgen uagdalastyktardy iske asyru zhonindegi is-sharalar zhosparyn bekıtu turaly KR Ukımetinin 2001 zhylgy 9 karashadagy №1427 kaulysy. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010001427> (karalğan kuni: 20 dekabrya 2024 g.). [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Урюстюмова А.И. – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Өскемен, Қазақстан.

Урюстюмова А.И. – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры истории Казахстана и социально-политических дисциплин, Восточно-Казахстанский технический университет имени Д.Серикбаева, Усть-Каменогорск, Казахстан.

Uryustymova A.I. – Master of Arts, Senior Lecturer at the Department of History of Kazakhstan and Socio-Political Disciplines, D.Serikbayev East Kazakhstan Technical University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).